

Астана қаласы әкімдігінің «Ильяс  
Есенберлин атындағы № 67  
гимназия» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное  
предприятие на праве  
хозяйственного ведения «Гимназия  
№ 67 имени Ильаса Есенберлина»  
акимата города Астана

010000, Қазақстан Республикасы,  
Астана қ., Ш.Қосшығұлұлы, № 23/1 ғим.  
Tel.: +7 (7172) 729239,  
e-mail: [67gymnasium@edu.kz](mailto:67gymnasium@edu.kz)

010000, Республика Казахстан,  
г. Астана, Ш.Косшыгулулы, зд. № 23/1  
Tel.: +7 (7172) 729239,  
e-mail: [67gymnasium@edu.kz](mailto:67gymnasium@edu.kz)

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

23 ақпан 2024 жыл №

Астана қаласы

город Астана

### Республикалық «Талантты ұстаз – дарынды балаларға» педагогикалық олимпиадасының мектепішілік кезеңін ұйымдастыру туралы

Педагогикалық еңбек өтілі 5 жылға дейінгі жас мамандар арасында жас педагог қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау, білім беру жүйесін жетілдіруге жас мұғалімдердің белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру мақсатында, 2023-2024 оқу жылының ақпан айындағы мектепішілік бақылау жоспарына және олимпиада ережесіне сәйкес, Ұжымдық шарттың «Жұмыс уақыты және тынығу уақыты» деп аталатын 5 бөлімінің 5.1.3 тармағына («Бес күндік жұмыс аптасы режимімен жұмыс жасайтын білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмыс және қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін айына бір күн (сенбі) қарастырылады») сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 24 ақпан күні педагогикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі өткізілсін.
2. Олимпиада ережесі бекітілсін.
3. Тізім бойынша (1-қосымша) жас мамандар санатындағы педагогтер толық қатыстырылсын.
4. Олимпиада қорытындысы хаттамалансын және марапатталсын.
5. Мектепішілік кезең жеңімпаздарына келесі аймақтық кезеңге жолдама берілсін.
6. Бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу жөніндегі орынбасары А. Бодановқа жүктелсін.

Директор



Н.К. Кабылова